

АСТАНА: БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

6-7-БЕТ | ЕЛОРДА



ЗАҢДЫ БІЛУ – ӨЗІҢДІ ҚОРҒАУ

8-БЕТ | ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



«NAMYS» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ

9-БЕТ | СПОРТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Астананың жан басына шаққандағы өңірлік жалпы өнім көрсеткіші көңіл көншітерлік-тей. Oxford Economics 2025 индексіне тоқталайын. Бұл зерттеулер әлемнің ең ірі мың қаласын экономика, адам капиталы, тұрмыс сапасы, қоршаған орта және басқару санаттары бойынша бағалайды. Астана Азия құрлығында 36-орынға жайғасса, әлем бойынша 276-орынға тұрақтап, өңіріміздегі бәрімізге белгілі қалалардың алдына шықты.


№152
(4896)
Бейсенбі
25 желтоқсан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



2-3

АСТАНА АУҚЫМДЫ ІСТЕРДІҢ БАСТАУЫНДА ТҰРУЫ ТИІС

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы бірқатар өндірістік және әлеуметтік нысандарды аралап, Астана қаласын дамытуға арналған кеңес өткізді. Президент соңғы 11 айда бас қалада қысқа мерзімге арналған экономикалық индикатор 118,6 пайызға жеткенін, инвестиция, құрылыс, шағын және орта бизнес саласындағы көрсеткіштер бойынша Астана алдыңғы орында тұрғанын атап өтті. «Елорданың көш басында болуы – заңдылық» деді Мемлекет басшысы.

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ӨСЕДІ

Қазақстанда кейбір әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыруға қатысты Үкімет қаулысы күшіне енді.

– 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін арттыру туралы» құжатқа сәйкес, 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер алынатын төлем мөлшерінің 10 пайызына ұлғайтылады, – делінген құжатта.

Елімізде еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша әлеуметтік төлемдер әр азаматқа жеке есептеледі. Төлем мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейіне, әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және мүгедектік тобына (еңбекке қабілеттілігінен айырылу) байланысты айқындалады. Ал асыраушысынан айырылу жағдайында төлем көлемі асырауындағы адамдардың саны мен қайтыс болған адамның жалақысына қарай есептеледі.



«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

«БОЛАШАҚ ОЙЫНДАРЫ» ЕЛОРДАДА ӨТЕДІ

PHYGITAL GAMES OF THE FUTURE

Біріккен Араб Әмірліктерінің астанасы Абу-Дабиде спортты, цифрлық технологияларды және инновациялық шешімдерді бір алаңға тоғыстырған The Games of the Future Abu Dhabi 2025 халықаралық турнирі өз мәресіне жетті. Жарыстың эстафетасы 2026 жылы Болашақ ойындарын өткізетін Астанаға салтанатты түрде табысталды.

Абу-Дабидегі турнир барысында «Астана 2026 Болашақ ойындары дирекциясының» ресми делегациясы жұмыс істеп, жарыстарды ұйымдастырудың басқарушылық, техникалық және операциялық қырларын зерделеді. Жиналған тәжірибе мен құзыреттер 2026 жылы Астанада өтетін Болашақ ойындарын дайындаудың негізіне айналады.

Абу-Даби алаңдарында өткен жарыс бағдарламасына физикалық және цифрлық форматтарды біріктіретін 11 фиджитал-дисциплина енді. Олар: фиджитал футбол, фиджитал баскетбол 3×3 FreeStyle, фиджитал-файтинг FATAL FURY: City of the Wolves, фиджитал-шутер CS2, Battle Royale (Fortnite), фиджитал-дансинг Just Dance, Dota 2, MLBB, VR-ойын HADO Global Invitation, фиджитал-дрон-рейсинг және роботтар шайқасы секілді 11 фиджитал сайыстары енді.

«Болашақ ойындарын» Қазақстанда өткізу туралы бастаманы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы Қазан қаласында көтерген еді. 2025 жылы өтуі тиіс болған турнир Қазақстандағы су тасқынына байланысты 2026 жылға шегерілген болатын.



№152 (4896) 25/12/2025 Бейсенбі



АСТАНА АУҚЫМДЫ ІСТЕРДІҢ БАСТАУЫНДА ТҰРУЫ ТИІС

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АСТАНАНЫ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ ЖИЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Қазір Астана қарқынды өсіп келеді. Түрлі бағыт бойынша белсенді жұмыс істеліп жатыр. Бүгін елорданы дамытудың өзекті мәселелерін талқылаймыз.

Соңғы 11 айда қысқа мерзімге арналған экономикалық индикатор 118,6 пайызға жетті. Инвестиция, құрылыс, шағын және орта бизнес саласындағы көрсеткіштер бойынша Астана алдыңғы орында тұр. Елорданың көш басында болуы – заңдылық.

Биыл елордадағы тұрғын үй құрылысы 5 миллионға жуық шаршы метрді құрайды. Бұл елімізде пайдалануға берілген баспананың төрттен бірі және Орталық Азия аймағындағы басқа астаналардың көрсеткіштерінен бірнеше есе артық. Өндеу өнеркәсібі өнімінің көлемі 2025 жылдың 11 айында 2,8 триллион теңгеге жетіп, 7,2 пайыз өсті. Яғни 6 миллиард доллар шамасында. Биылғы 11 айда сауда көлемі 10,8 триллион теңгеден асып, 8,4 пайыз өсім көрсеткен. Бұл – шамамен 22,5 миллиард доллар. Маған берілген мәлімет бойынша, қала бюджетіне 4,3 триллион теңге салық түскен. Мұны қомақты қаржы деуге болады.

Астананың 2024 жылғы өңірлік жалпы өнім көлемі 15 триллион теңгеден сәл асты. Бұл – 32 миллиард доллар. Биылғы қорытынды бойынша 34, тіпті, 35 миллиард доллар (17 триллион теңге немесе одан да жоғары) болады деп күтілуде. Ал қаладағы халықтың ресми саны 1,6 миллион адамға жеткен. Жан басына шаққандағы өңірлік жалпы өнім көрсеткіші көңіл көншітерлік.

Oxford Economics 2025 индексіне тоқталайын. Бұл зерттеулер әлемнің ең ірі мың қаласын экономика, адам капиталы, тұрмыс сапасы, қоршаған орта және басқару санаттары бойынша бағалайды. Астана Азия құрлығында 36-орынға жайғасса, әлем бойынша 276-орынға тұрақтап, өңіріміздегі бәрімізге белгілі қалалардың алдына шықты.

Бірақ бұған тоқмейілсуге болмайды. Өйткені әлеуетіміз зор. Біз үнемі алға жылжуымыз керек. Сондықтан дәл осы индекс бойынша келесі жылы Астананың өз рейтингісін жақсартуға мүмкіндігі бар деп есептеймін. Соның арқасында біздің Азиядағы рейтингіміз де артады. Бұл біздің қолымыздан келеді деп ойлаймын.

Астана басқа аймақтарға үлгі болуға тиіс. Шаһардың экономикалық белсенділігі күшейіп келеді. Бұл – жақсы үрдіс. Соған сәйкес әкімдікке және мүдделі мемлекеттік органдарға жаңа міндеттер жүктеледі. Сондықтан нақты мәселелерге тоқталайын.

БІРІНШІ. Жасанды интеллект және цифрлық технологияны дамытуға баса мән беру керек.

Менің өткен аптада Жапонияға ресми сапармен барғанымды білесіздер. Сапар кезінде Токио губернаторымен кездестім. Түрлі салада ынтымақтастық орнатуға келістік, цифрлық технологияларға ерекше назар аудардық. Токиодағы Smart City жобасымен таныстық. Жапония озық шешімдерді мемлекеттік басқару саласына енгізу тұрғысынан зор табысқа жетіп отыр. Біз осы бағытта тәжірибе алмасатын болдық. Бұған дейін менің тапсырмам бойынша Астанада Smart City жобасы қолға алынды. Жақын арада Жедел басқару орталығы іске қосылады. Қаладағы бейнекамералардың жұмысы және басқа да қызметтер осы орталықтан басқарылады. Бұл жүйе түрлі қауіп-қатерге дер кезінде назар аударуға және келеңсіз оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік береді. Қазір платформаны іске қосу үшін Деректерді талдау орталығы салынып жатыр. Осы цифрлық инфрақұрылымды құқық қорғау органдары да қолдана алады. Сол арқылы қаланың қауіпсіздігін күшейтуге мүмкіндік туады. «Заң және тәртіп» қағидаты іс жүзінде жұмыс істеуге тиіс. Астана әкіміне осы шаруаны тездетіп аяқтауды тапсырамын. Еліміздегі басқа қалалар да осындай платформаны енгізуге тиіс. Бұл жұмысты Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі үйлестіруі керек.

ЕКІНШІ. Үйлесімді қала кеңістігін қалыптастыруға айрықша мән беру қажет.

Азаматтардың тұрмыс-тіршілігі мен жұмысына барынша қолайлы жағдай жасау барлық деңгейдегі әкімдердің басты міндеті болуға тиіс. Ал елорда заманауи урбанистиканың үлгісі болуы керек. Өйткені оның мәртебесі бөлек. Бұл орайда Астанада қазірдің өзінде біршама нәтижеге қол жеткіздік. Қалалық ортаны дамытудың бірыңғай тәсілі айқындалды.

Мұны биыл жазда елімізде өткен саммиттер кезінде өзге де мемлекеттер басшылары байқаған. Мысалы, Төраға Си Цзиньпин қаламыздың келбеті айтарлықтай жақсарғанын айтып, жоғары бағасын берді. Бұл – әлемдік ірі державалардың басшылары Қазақстанға келгенде біздің қалаларымыздың келбетіне мән беріп қарайды деген сөз. Мұны қаперде ұстау керек.

«Жаңа келбет» бағдарламасы аясында бес жыл ішінде шаһардың тарихи бөлігіндегі 150 ғимараттың қасбетін жаңарту жоспарланып отыр. Сонымен қатар көшелер абаттандырылады. Жалпы, соңғы екі жылда Астанада көптеген қоғамдық кеңістік пайда болды. Жасыл желек мол егіліп, демалыс аймақтары көбейді. Бұл өте жақсы. Мұны елорда тұрғындары оң бағалап отыр. Енді осы аумақтарды тиісті деңгейде сақтауға тиіспіз. Бұл әуелгі кезекте елордада тұратын және шаһарға қонаққа келетін Қазақстан азаматтарына тікелей байланысты. Осы істі Ішкі істер министрлігі, полиция департаменті жіті бақылағаны жөн.

Алайда Астана тек орталық көшелері айнадай жарқырап тұратын қала болмауға тиіс. Шеткері аудандарға да көңіл бөлу керек.

Қаланы безендіру жұмыстарына бюджеттен бөлек демеушілер қаражатын да тартуға болады. Жаңа жылда кәсіпкерлеріміздің басын қосуды жоспарлап отырмын. Оларға тағы да үндеу жасаймын. Қатаң шаралар қабылдаймын. Түптің түбінде, Отанды сүю – ортақ борыш.

Сондықтан оң жағалаудағы сауда, өнеркәсіп орамдары мен тұрғын үй алаптарын жаңарту жұмыстарын жандандырған жөн. Көріктендіру мәселесі азаматтарды әрдайым толғандырады. Бұл – түсінікті, сондықтан олардың осылай айтуға қақысы бар. Дегенмен әкімдік те елорда тұрғындары мен қала қонақтарынан жоғары мәдениетті талап етуі керек.



Әрине, қоғамда жоғары экологиялық мәдениет қалыптасып, тұрғындар ортақ мекеніміздің тыныс-тіршілігіне белсенді араласа бастағаны қуантады. Дәл осы себепті «Таза Қазақстан» жобасын бастадым. Оны бүкіл ел қолдады. Қоршаған ортаны қорғау – стратегиялық мәселе. «Таза Қазақстан» идеологиялық кампаниясына не үшін бастамашы болғанымды айтайын. Өйткені экология, тұрмыс-тіршіліктегі тазалық болмысымыздың бір бөлігіне айналуға тиіс. Жалпы, Азияның бірқатар қаласында қалдықтарды жоюдың экономикаға негізделген тәсілдері қолданылады. Шынында да қоқыспен күресу керек.

Токиода 14 миллион адам тұрады. Азғантай аумақта осынша халық өмір сүріп жатса да, ондағы тазалық пен тәртіп өте жоғары деңгейде. Мысалы, саммитте сөйлеген сөзімде Жапония Премьер-министріне «Еліңіздің қуаты – адамдарыңызда. Сіздер үнемі үйлесімділікке үндейсіздер. Жапондар үйренуден жалықпайды. Өзін қалай ұстауды біледі, өзге адамдарға құрметпен қарайды. Үйін, пәтерін, өзі отырған ғимаратты таза ұстайды. Сонымен қатар олар үздіксіз білім алады әрі оны өскелең ұрпаққа да сіңіреді» деп жылы сөзімді арнадым. Бізге де дәл осындай менталитет қажет. Сондықтан цифрландыру мен жасанды интеллектіден үлкен үміт күтемін. Біз алға қарыштап қадам басып, технологиялық ұлт болудың үлгісіне айналуымыз керек.

Осы орайда қалдықтарды қайта өңдеудің заманауи жүйесін қалыптастыруды жеделдету керек. Астана, Алматы және Шымкент қалаларында осы тектес жобаларды іске қосу пысықталып жатыр. Соның аясында тәулігіне мың жарым тоннаға дейін қалдық өңдеу, электр энергиясын өндіру қарастырылған. Ел бойынша қалдықтарды жоюды көздейтін 40-тан астам жоба жоспарланған. Олардың бәрі белгіленген мерзімде әрі сапалы жүзеге асырылуға тиіс. Сонымен қатар қалдықтарды сұрыптау және қоқыс полигондарын дамыту мәселесіне мән беру маңызды. Бұл істі кейінге қалдырудың экологиялық салдары ауыр болатынын әрі оның тұрғындар тұрмысына теріс әсер ететінін халықаралық тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан Үкімет осы бағытта қажетті шаралар қабылдағаны дұрыс.

Тазалық тәртіптен басталады. Еліміздің бас қаласы мен күллі Қазақстанды көрікті, тал-терегі мол әрі өмір сүруге қолайлы мекенге айналдыруға күш-жігеріміз жетеді. Мен бұған сенімдімін. Бұл – стратегиялық сипаттағы міндет. Оның орындалуын Президент Әкімшілігі қадағалауда ұстайды. Дегенмен бізге тез шешім қабылдап, әрі сапалы жұмыс атқару қажет. Әрбір мәселеге пікір таластырудың қажеті жоқ.

Елорда тұрғындарының көбі демалыста немесе мереке күндері әдетте Бурабайға барады. Жол қашық. Оның үстіне табиғи парктің экожүйесіне айтарлықтай салмақ түседі. Сондықтан Астана маңайында экосаябақтар ашатын уақыт жетті. Үкіметке аймақ әкімдерімен бірге ірі қалалар мен облыс орталықтарына жақын жерлерде экосаябақтар құруды тапсырамын. Тағы да қайталап айтамын, ол жерлерде де тазалық болуға тиіс. Бурабайда не болып жатқанын қараңыздар. Ұят жағдай. Ұлттық қорықты бүлдіріп жатқан бөгде ғаламшарлықтар емес, өзіміздің халқымыз ғой.

ҮШІНШІ. Көлік-логистика инфрақұрылымын одан әрі дамыту маңызды. Қалада сапалы және қолайлы инфрақұрылым болуға тиіс. Биыл Астананың көлік жүйесін дамытудың 2035 жылға дейінгі кешенді бағдарламасы қабылданды. Бұл құжаттағы іс-шараларды дер кезінде жүзеге асыру керек. Қаладағы көлік инфрақұрылымына назар аудару керек. Азаматтар жолдың сапасы нашар екенін айтып, жиі шағымданады. Қоғамдық көліктердің қызметіне қатысты мәселелер де бар. Келеңсіз жайттар Астананың абырой-беделіне нұқсан келтіреді. Қоғамдық көліктер, ең алдымен, тұрғындарға ыңғайлы болуы керек және уақтылы жүруге тиіс. Жеке көліктен гөрі автобуспен жүрудің тиімді болғаны жақсы. Сондықтан қоғамдық көліктердің санын көбейту қажет.

Жеңіл рельсті көлік жобасы да өте маңызды. Көп ұзамай оны толық іске қосу керек. Мен жеңіл рельсті көлік желісін ұзарту туралы ұсынысты қолдаймын. Бұл қадам көлік кептелісін азайтуға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Үкімет, ең алдымен, жобаны қаржыландыру мәселесін шешуге тиіс. Сондай-ақ Қабанбай батыр даңғылында екі деңгейлі жол салу туралы ұсынысқа қолдау білдіремін. Жобаның құжаттарын келесі жылы әзірлеп, 2027 жылы құрылысты бастау қажет. Бұған қоса, Үкімет әкімдікпен бірлесіп, Тәуелсіздік даңғылын ұзарту жұмысын жалғастыруы керек.

Жалпы, қалада құрылыс өте көп. Көлік саны да аз емес. Бұл жағдай, бір жағынан, тұрғындардың, әсіресе, балалардың қауіпсіздігіне қатер төндіріп жатыр. Биылғы он бір айда Астанада жол-көлік оқиғасынан 675 бала зардап шеккен, бес бала қаза болған. Жұрт үйлердің арасында жаяу жүргіншілер жолағы, жылдамдықты шектеу белгілері жоқ деп шағым айтады. Мұның қандай себеппен болып жатқанын ешкім білмейді.

Ауланы жарықтандыру мәселесі де өзекті. Мен өзім бұл мәселеге баса назар аударып отырмын. Әсіресе, тұрғын-үйлер және білім беру мекемелерінің маңындағы жүк көліктерінің қозғалысын реттеу қажет.

Шешілмей жатқан тағы бір мәселе – көлік тұрақтарының жетіспеушілігі. Бұл мәселені ретке келтіретін кез келді. Шетелдің озық тәжірибесін қолдану керек. Мысалы, көпқабатты тұрақтар салуға болады. Қаланың көлік-транзит әлеуетін арттыру үшін жаңа әуежай салу мүмкіндігін қарастыру қажет. Үкіметке әкімдікпен бірге осы мәселені мұқият пысықтап, нақты ұсыныс енгізуді тапсырамын. Жуырда

біз елімізде толыққанды авиахабтар қалыптастыру мәселесін қарастырдық. Соның ішінде елорда әуежайына қатысты жұмыс та бар. Бірақ Қазақстанда өндірілетін авиа жанармай көлемі жеткіліксіз. Осы жағдай авиахабтарды дамытуға кедергі болуы мүмкін. Сондықтан Үкімет авиа жанармай өндірісін арттыру үшін нақты шаралар қабылдауға тиіс. Бәлкім, жаңа мұнай өңдеу зауытын салу керек шығар. Оның артықшылығы да, кемшін тұстары да бар. Үкімет осыған қатысты өз ұстанымын айқындап, нақты шешім қабылдауы қажет.

ТӨРТІНШІ. Коммуналдық инфрақұрылымды жедел жаңғыртудың маңызы зор. Көші-қон қарқынының артуы, ірі қалалардағы құрылыстың тығыз салынуы инженерлік желілер мен шаһар тіршілігін қамтамасыз ететін нысандарға айтарлықтай салмақ салады.

Бірнеше жыл бұрын елордада ауыз судың тапшылығы сезілді. Оның сапасына қатысты сын айтылды. Осы мәселелерді шешу үшін жаңа су құбырлары тартылып, сорғы-сүзгі станциялары салынып жатыр. Олардың кейбірі пайдалануға берілді. Елдің бас қаласын сумен тұрақты қамтамасыз ету техникалық міндет қана емес. Бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Мұнда ұсақ-түйек нәрсе болмайды, барлығын алдын ала ойластырып, уақытылы жасау қажет. Төртінші ауыз су станциясын межелі мерзімде салған жөн. Биыл Астана су қоймасын ауқымды тазартудың бірінші кезеңі аяқталды. Жұмыстың осы қарқынын жоғалтпау маңызды. Екінші кәріз-тазарту құрылысы мен қалаішілік тазарту жүйесін іске қосу керек.

Елорданың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету ісінде энергетикалық инфрақұрылым – аса өзекті мәселе. Жаңа қосалқы станцияларды салуды жеделдеткен дұрыс. Мұнда қандай да бір кедергілерге жол бермеу керек. Үкіметке қажетті қаржыны бөлуді тапсырамын. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйелері мен энергетикалық инфрақұрылымның үздіксіз жұмыс істеуі – кез келген қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің басты шарты. Олай болмаса қалған шаруадан қайран жоқ. Мемлекеттің табанды жұмысы арқылы елордаға газ құбыры тартылды. Ал республика аумағындағы газбен қамту көрсеткіші 60 пайыздан асты. Экономиканың қажеттілігі артып келе жатқанын ескерсек, қазір өндірілетін 29 миллиард текше метр тауарлы газ ішкі сұранысты толық өтей алмайды. Сондықтан газ өндіру бойынша жоспарланған барлық жобаны уақытылы іске қосу өте маңызды. Бұл жұмыс орнықты әрі кепілді ресурстық база қалыптастырумен қатар жүргізілуі керек.

БЕСІНШІ. Тұрғын үйлер сапалы салынуы қажет. Астана құрылыс қарқыны бойынша елімізде көш бастап тұр. Жыл басынан бері қалада 5 миллион шаршы метр үй салынған. Бұл – бүкіл елде қолданысқа берілген тұрғын үйлердің төрттен бірі деген сөз. Әрине, жақсы көрсеткіш. Бірақ санды көбейтеміз деп, сапаны ұмытып кететіндер бар. Мысалы, таяуда тұрғын үйдің сыртқы қаптамасы опырылып түсті. Тағы бір үйде лифт құлады. Екі жағдай да қайғылы оқиғаға әкеп соқтырды. Сапасыз материалдарды пайдалану, құрылысқа қатысты ережелерді және қауіпсіздік талаптарын сақтамау – нағыз қылмыс. Мұны ашық айтуымыз керек. Бұған мүлдем жол беруге болмайды. Үкімет құрылыстың барлық кезеңін, яғни жобалаудан бастап дайын үйді тапсыруға дейінгі үдерісті толық цифрландыруға тиіс. Сол арқылы бұл салада тәртіп орнатып, жұмыстың сапасын қамтамасыз етуі қажет.

Аймақ әкімдері елді мекендердің цифрлық көшірмесін жасап, барлық нысанның жай-күйін үнемі бақылауда ұстауы керек. Құрылыс компанияларының жауапкершілігін күшейту қажет. Үй салып жатқан компаниялар мен мердігерлер туралы және сараптама нәтижелері жайлы ақпарат ашық әрі қолжетімді болуға тиіс. Тағы бір мәселе: елордада жұмыста жүріп жарақат алу деректері көбейіп барады. Жыл басынан бері қаладағы өндіріс орындарында 32 адам зардап шегіп, 12 адам қаза тапқан. Әкімдік Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, өндірістегі қауіпсіздікті күшейту үшін нақты шаралар қабылдауға тиіс. Жұмыс орнында болуы мүмкін қауіп-қатерлерді саралап, оқыс оқиғалардың алдын алу қажет. Әр қайғылы оқиғаның себеп-салдарын мұқият зерделеп, тиісті қорытынды жасаған жөн.

АЛТЫНШЫ. Әлеуметтік нысандар халыққа қолжетімді болуға тиіс. Сөз басында айтып өттім, қала халқының саны өте жылдам өсіп жатыр. Әлеуметтік инфрақұрылымға, әсіресе, денсаулық сақтау және білім беру жүйесіне зор ауыртпалық түседі. Мәселе тым күрделенбей тұрғанда, жүйелі жұмыс істеу керек. Астана әкімі бірқатар медицина нысанының жұмысымен таныстырды. Екі емхана және балаларға арналған травматология орталығы салынатынын айтты. Қаланың медицина инфрақұрылымын дамыту – өте маңызды міндет. Осыған орай, әкімдікке Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін орталықтар адам тығыз қоныстанған аудандарда көбірек ашылуға тиіс. Бұл талап білім беру нысандарын салған кезде де қатаң сақталуы керек. Мектеп тапшылығы – еліміздегі аса өзекті мәселенің бірі. Мектеп салу қарқыны бала санының өсу қарқынына ілесе алмай келеді. Алдағы үш жылда мектептегі орын тапшылығы 400 мыңға дейін жетуі мүмкін. Соның ішінде елордада 28 мың оқушыға орын жетіспейді деген болжам бар. Алматы, Шымкент қалалары және Алматы, Түркістан, Маңғыстау облыстарында осындай жағдай қалыптасуы мүмкін. Әрине, бұл бағытта біраз шаруа атқарылды. Соңғы 5 жылда бір миллионнан астам оқушыға арналған мыңға жуық мектеп пайдалануға берілді. Астанада 75 мектеп салынды. Қазір қалада үш ауысыммен оқытатын мектеп қалған жоқ. Бұл ретте «Келешек мектептерін» ерекше атап өткен жөн.

Архитектуралық және техникалық тұрғыдан қарағанда, бұл – заманауи әрі жоғары деңгейде жабдықталған мектептер. Аталған бағытта әжептәуір тәжірибе жинадық. Сондықтан ауқымды жобадан гөрі қауіпсіз, сапалы құрылыс жұмыстарына кірісуіміз керек. Дегенмен оның бағасы қымбат болмауға тиіс. Бұл еліміздегі білім беру инфрақұрылымын жаңғыртуда қалыпты жұмысқа айналуы керек. Әсіресе, жеке мектептерді дамытуға айрықша назар аударған жөн. Бұл салаға инвестиция тарту ісінде жүйелі шаралар қабылдаған дұрыс. Атап айтқанда, мемлекет-жеке меншік серіктестік құралын жетілдіру маңызды. Дәл қазір жеке мектептердің өрісін кеңейту міндеті тұр. Өйткені тексеріс барысында қызметін теріс мақсатта пайдалану, тіпті, алаяқтық жағдайлары анықталып жатыр. Мұндай фактілер лицензия беру, қаржыландыру, бақылау жұмыстарының әлсіздігін көрсетеді. Сонымен қатар кейбір әкімдіктер жоспарлау кезінде үлкен қателіктер жіберген. Атап айтқанда, демографиялық өсім мен аумақтық даму мәселелері ескерілмей, жеке мектептерді ашуға беталды рұқсат берілген. Соның салдарынан бір жерде мемлекеттік және жеке мектеп қатар салынған. Ал шын мұқтаж аудандарда білім беру инфрақұрылымы сол күйі дамымай қалған. Бұл – ведомствоаралық байланыстың әлсіздігін көрсетеді, жұмысқа жүрдім-бардым қараудың дәлелі. Орта білім беру жүйесін демографиялық есепке және нақты нәтижелерге негіздей отырып кешенді түрде дамыту қажет. Қолданыстағы модельді түбегейлі өзгерту керек.

Қазір бүкіл әлем күрделі кезеңді бастан өткеріп жатыр. Соған қарамастан еліміз жақсы қарқынмен дамып келеді. Өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік-логистика салалары дамудың қозғаушы күшіне айналды. Жыл қорытындысы бойынша экономикамыз 6 пайызға өседі деп болжанып отыр. Ал жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім 15 мың доллардан асады. Жүйелі түрде жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыс өз нәтижесін беруде.

Біз қазір ел өміріндегі тағдыршешті реформалар кезеңіне қадам бастық. Бүкіл мемлекеттік аппарат, бірінші басшыдан қарапайым қызметкерге дейін мұны терең түсінуі керек. Бұрын-соңды болмаған маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін жоғары қарқын мен бастамашылық таныту қажет. Батыл, шеңберге сыймайтын, бірақ ақылға қонымды шешімдер қабылдаған жөн. Мемлекеттік қызметте жалқаулыққа, жұмысқа жауапсыз қарауға орын жоқ. Халыққа әдемі есеп емес, нақты іс керек. Сондықтан барлық басшы мен лауазымды тұлғадан елге пайдасы бар жұмыс талап етемін. Алдымызда атқаратын міндет көп.

Біз реформаларды жалғастыра береміз. Мен Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтердім. Бұл – соңғы жылдары қолға алынған ауқымды өзгерістердің заңды жалғасы. Түпкілікті шешім жалпыхалықтық референдумда қабылданады. Азаматтарымыз мақұлдаса, Ата Заңға көптеген өзгеріс енгізіледі. Түзетулердің ауқымын ескерсек, мұны жаңа Конституция қабылдаумен бірдей қадам деуге болады.

Біз озық ойлы ұлт ретінде болашаққа сеніммен қарайміз. Алдымызда биік мақсаттар тұр. Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыруымыз қажет. Толық цифрлық мемлекет болуымыз керек. Энергетика, ауыл шаруашылығы салаларын дамыту қажет. Мұның барлығы бір күндік шаруа емес. Біз ортақ мүдде жолында күш біріктірсек, осы мақсаттың бәріне жетеміз.

Астана әрдайым ауқымды жұмыстардың бастауында тұруға тиіс. Елордамыз басқа аймақтарға барлық жағынан үлгі болуы керек. Айтылған міндеттердің барлығы уақытылы әрі сапалы орындалуға тиіс.





ЕЛОРДАДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Төлен ТІЛЕУБАЙ



TAUSOGAR ЗАУЫТЫНДА БОЛДЫ

Елорда нысандарын аралау кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев Tausogar зауытына барды. №1 Индустриалдық паркте орналасқан кәсіпорын құрылыс саласын заманауи жүк көтергіш машиналармен және механизмдермен қамтамасыз етеді. Президент елдегі ірі құрылыс компанияларына қажетті мұнара крандары мен эскалаторлар өндірісімен танысты. Қазір Tausogar зауытында жоғары білікті 44 маман еңбек етеді. Өндіріс орны жылына 200 лифт, 70 эскалатор және 70 мұнара кранын шығара алады. Мемлекет басшысы еңбек ұжымымен әңгімелесу барысында кәсіпорынның ел инфрақұрылымын дамытуға қосқан үлесін атап өтіп, оның алдағы уақытта бәсекеге қабілеттілігі арта түсетініне сенім білдірді.

КӨРМЕНІ АРАЛАП КӨРДІ

Президент Астананың №1 Индустриалдық паркінде орналасқан бірқатар кәсіпорынның қызметімен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа винилді гипсокартон панелін шығаратын «Гипсовинил», өрт дабылдары, бейнекамералар мен домофондар өндіретін QR Systems зауыттарының өнімдері көрсетілді. Сондай-ақ көрмеде «Астана электротехника зауытының», «Арыстан» Астана құбыр зауытының, құрылыс және жол химиясына маманданған ARGP кәсіпорнының қызметі жөнінде мағлұматтар ұсынылған. Бұдан бөлек, Президентке мемлекет-жеке меншік серіктестік қағидаты бойынша пайдалануға берілетін №2 Индустриалдық паркінің даму перспективасы жайында баяндалды. Аталған алаңда жалпы құны 500 миллиард теңгеден асатын және 8 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 100-ден астам жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Сонымен қатар Осы арқылы 22 мыңға тарта жұмыс орнын ашу көзделген.

BESQARU ЗАУЫТЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы шынжыр табанды және дөңгелекті бронды машиналар шығаратын, сондай-ақ оларға техникалық қызмет көрсететін Besqaru зауытына барды. Қасым-Жомарт Тоқаев цехтардағы құрастыру жұмыстарын аралап көріп, қорғаныс өнеркәсібі кешеніне қарасты кәсіпорынның технологиялық процестерімен және өндірістік мүмкіндіктерімен танысты. Компания жылына 200 бронды техника құрастырады. Олардың қатарында суды кешіп өте алатын, дөңгелекті Taimas8x8, Aibar 4x4 бронды машиналары, сондай-ақ Tulpar шынжыр табанды техникасы бар. Besqaru компаниясы өз өнімін Қорғаныс министрлігі мен басқа да күштік құрылымдарға арнап шығарады. Өндіріс алаңы биыл ақпан айында іске қосылды. Жалпы құны 13,5 миллиард теңге болатын жоба аясында 134 жұмыс орны ашылды. Мемлекет басшысы зауыт қызметкерлерімен әңгімелесіп, олардың еңбегі өнімді болуына тілектестік білдірді.

№152 (4896) 25/12/2025 Бейсенбі



«БӘЙТЕРЕКТІҢ» БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингінің басқарма төрағасы Рустам Қарағойшинді қабылдады. Президентке холдингтің биыл атқарған қызметінің қорытындылары, сондай-ақ ұйымды трансформациялау және экономикалық дамудың стратегиялық басымдықтарын іске асыру аясында жүргізілген жұмыстар жөнінде баяндалды.

Рустам Қарағойшиннің айтуынша, биыл холдинг ел экономикасына жалпы сомасы 9 триллион теңге қолдау көрсеткен. Қаражат бизнеске жәрдем беруге, агроөнеркәсіп кешенін дамытуға, тұрғын үй құрылысы мен ипотекалық несиелерге бағытталған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа осы жылы республика бойынша 25 мыңға жуық жоба қаржыландырылғаны жөнінде ақпарат берілді. Сонымен қатар «Даму» қоры базасында құрылған кепілдік қорларының қызмет нәтижелері таныстырылды. Аталған қорлар шағын және орта бизнес жобаларын, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылым салаларындағы ірі инвестициялық бастамаларға көмек көрсетеді.

Бұдан бөлек, Президентке инвестициялық холдингтің жұмыс моделі туралы мәлімет берілді. Бұл «Инвестицияға тапсырыс» қалыптастыру, ірі стратегиялық жобаларды сүйемелдеу, сондай-ақ тікелей шетелдік инвестицияларды тарту тетіктерін дамытуды қарастырады. Қазір жалпы құны 87 триллион теңгеге жуық, 1,5 мың инвестициялық жобадан тұратын пул жасақталды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы инвестициялар тарту және экономиканың нақты секторын қаржыландыру аясын кеңейтудің маңызын атап өтті. Президент «Бәйтерек» холдингіне басым инвестициялық жобаларды одан әрі іске асыруды және экономикаға ұзақ мерзімді капитал тартуды қамтамасыз ету бойынша тапсырма берді.



ПӘТЕР КІЛТІН ТАБЫСТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокуратура, Мемлекеттік күзет қызметі, Ішкі істер министрлігі қызметкерлеріне пәтер кілтін табыстады. Жаңа жыл қарсаңында прокуратура мен күштік құрылымның бір топ қызметкері баспаналы болды.

Мемлекет басшысы Ақордада өткен салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқығын қорғау және қоғамдық тәртіпті сақтау стратегиялық маңызы айрықша міндет екеніне назар аударды. «Сіздер ел тыныштығын қырағы қорғап, тұрақтылықты сақтауға зор үлес қосып жүрсіздер. Қоғамда «Заң мен тәртіп» және әділдік қағидатын орнықтыру үшін табанды еңбек етіп келесіздер. Жұмыстарыңыз – оңай емес, күрделі. Соған қарамастан кәсіби білікті, жауапкершілігі жоғары маман ретінде елімізге адал қызмет етіп жатсыздар. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Мінсіз қызмет қашанда жоғары бағалануға тиіс. Мемлекет өздеріңіз сияқты өз ісіне адал азаматтарды әрдайым қолдайды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ДОНАЛЬД ТРАМППЕН ТІЛДЕСТІ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамппен телефон арқылы тілдесіп, мазмұнды әңгіме өрбітті. Мемлекеттер басшылары екіжақты күн тәртібі мен халықаралық ахуал, соның ішінде Украина проблематикасы жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев биыл қараша айында Вашингтонға жасаған сапары кезінде қол жеткізілген уағдаластықтарды толық іске асыруға ниетті екенін айтты. Қазақстан Президенті Украина қақтығысын реттеудің күрделі сипатына назар аударды. Өйткені бұл шиеленісте территориялық келіспеушілік басты мәселеге айналып отыр. Сондықтан қазіргі нақты жағдайды ескере отырып, екі жақтың мәмілеге келуі маңызды.

Еліміз барлық тарапты төзімділік, икемділік және кәсібилік танытып, бейбітшілік формуласын іздеуді жалғастыруға шақырады. Бұл ретте Қазақстан араағайын емес, бірақ қажет болған жағдайда келіссөз алаңын ұсынуға дайын.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың көшбасшылық қасиеті арқасында бірқатар халықаралық әскери қақтығыс тоқтап, АҚШ-тың ішкі әлеуетін күшейтуде оң нәтижеге қол жеткізілгенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Америка Президентін өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақырды. Бұл екіжақты қарым-қатынастағы тарихи уақиға болатынына сенім білдірді.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ ҚАЛАЙ ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өңірлерде, әсіресе моно және шағын қалаларда, сондай-ақ ауылдық жерлерде шағын және микробизнесті дамытуға бағытталған «Іскер аймақ» бірыңғай бағдарламасы қаралды.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

«Қуатты әрі бәсекеге қабілетті кәсіпкерліктің дамуы – орнықты экономикалық өсудің негізгі факторы. Өздеріңізге мәлім, жуырда Мемлекет басшысы іскерлік белсенділікті ынталандыру үшін жедел түрде шағын бизнесті қолдаудың бірыңғай бағдарламасын қабылдауды тапсырды. Үкімет шағын және микробизнесті нақты қолдауға, өңірлердің ерекшелігін ескере отырып, өндірісті дамытуға бағытталған кешенді құжатты әзірледі» деді жиында Премьер-министр.

ӨҢІРЛЕРГЕ 400 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНЕДІ

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин отырыста ауылдар мен шағын қалалардағы өндірісті дамытуға бағытталған «Іскер аймақ» бірыңғай бағдарламасын таныстырды. «Бағдарлама ауылшаруашылық шикізатын қайта өңдеу, шағын наубайхана, жиһаз және құрылыс материалдарын өндіру сияқты тез нәтиже беретін, технологиялық жағынан қарапайым, жылдам жүзеге асырылатын жобаларға бағытталған» деп түсіндірді ол.

Бағдарламада екінші деңгейлі банктер арқылы жыл сайын 400 млрд теңге несие бөлу қарастырылған.

• Несие: бір жобаға 200 млн теңгеге дейін.

• Мөлшерлемесі: ~8,8% (40%-ы мемлекеттен субсидияланады).

• Мерзімі: 3 жылға дейін.

• «Даму» беретін кепілдік: кепілге қоятын заты жоқ немесе жеткіліксіз болған жағдайда қарыз сомасының 85%-ына дейін. Серік Жұманғариннің айтуынша, бизнес ақшаны ғана емес, нақты ресурстарды да ала алады, олар – жеңілдікпен үй-жайларды, жер телімдерін жалға алу және коммуникациялар жүргізу. Өндірісті тиімді іске қосу үшін сервистік сүйемелдеу және сол салаға бағытталған онлайн-оқыту курстары енгізілуде. Бұл ретте мемлекеттік қолдауды алуда басымдық «Ауыл аманаты» және «Бір ауыл – бір өнім» жобаларына қатысушыларға беріледі. Өтінімдерді беру egov.business және Damu Online порталдары арқылы автоматтандырылған түрде жүргізіледі. Шалғай аудандар үшін көшпелі формат қарастырылған: арнайы мобильді кеңселер (автобустар) жергілікті жерлерде кеңес беріп, құжаттарды қабылдайды.

КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЛАРЫ 448 МЛРД ТЕҢГЕ БЕРДІ

Мемлекет басшысының экономиканың нақты секторына банк қаражатын тарту жөніндегі тапсырмалары шеңберінде «Даму» қорының базасында екі мамандандырылған кепілдік беру қоры құрылды. Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин олардың қалай жүзеге асып жатқаны туралы баяндап берді. Оның айтуынша, жаңа құралдар бизнестің басты проблемасы – кепілге қоятын затының жетіспеушілігін тиімді шешеді:

Бірінші қор (ШОБ-қа арналған): бүгінде 2,4 мыңнан астам жобаны қамтып, оларға қарыз сомасының 85%-ы көлемінде кепілдік берді. Бұл кәсіпкерлерге жалпы сомасы 424 млрд теңге көлемінде несие алуға мүмкіндік туғызды. Екінші қор (ірі инвестициялық жобаларға арналған): 7 млрд теңгеден асатын қарыздарға бағдарланған. Бүгінгі таңда сомасы 24 млрд теңге болатын екі жобаға қолдау көрсетілді. Мемлекет 15 жылға дейінгі мерзімге жоба құнының 30%-ына дейін жаба отырып, банктерді өз қаражатын ұзақ мерзімді индустриалды және инфрақұрылымдық жобаларға бағыттауға ынталандырады. «Біздің мақсатымыз – технологиялық жаңару арқылы экономика құрылымын өзгерту. Кепілдік беру қорлары қазірдің өзінде-ақ бизнестің қолындағы кепілге қоятын заттары жеткіліксіз болса да капиталға қол жеткізуді қамтамасыз ететін пәрменді құралға айналды» деп атап өтті Серік Жұманғарин. Вице-премьердің ақпараты бойынша, процестерді автоматтандыру және портфельдік әдісті қолдану арқасында өтінімдерді қарау мерзімі 2 жұмыс күніне дейін қысқартылған, бұл мемлекеттік қолдауды барынша қолжетімді ете түседі.

НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІС – ШЕКТІ СОМА АРТАДЫ

Қаржы министрі Мәди Такиев Үкімет отырысында шағын бизнесті шектен тыс әкімшілік іс-шаралардан қорғау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. «Қолданылатын шаралар сай болуы үшін және азғантай сома үшін микро және шағын бизнеске қысым жасамау үшін біз салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу тәсілдерін айтарлықтай өзгертіп жатырмыз» деді Мәди Такиев.

Негізгі өзгеріс – ден қою шаралары басталатын шекті соманы арттыру. Егер бұған дейін салық берешегі шамамен 26 мың теңгеден немесе 6 АЕК-тен өндіріле бастаған болса, ал әлеуметтік аударымдар бойынша нақты шегі болмаған болса, енді салық берешегі бойынша шектік сома 87 мың теңгеге немесе 20 АЕК-ке дейін, әлеуметтік төлемдер бойынша 26 мың теңгеге немесе 6 АЕК-ке дейін көтеріледі.

Ведомствоның мәліметінше, қазір әлеуметтік төлемдер бойынша берешек сомасының шегі болмағандықтан өндіріп алу шараларына көбінесе шағын бизнес тап болып отыр, борышкерлердің шамамен 72%-ы 6 АЕК-ке дейінгі қарыздары барлар. Енді қабылданған іс-шаралар мынадай нәтиже береді:

• 87 мың теңгеге немесе 20 АЕК-ке дейін – хабарлама жіберіледі де, тек өсімпұл есептеледі, басқа шара қолданылмайды;

• 87 мыңнан 195 мың теңгеге дейін немесе сәйкесінше 20-дан 45 АЕК-ке дейін – хабарлама жіберіледі; өтелмеген жағдайда борыш сомасы көлемінде шығыс операциялары тоқтатылады, содан кейін ғана инкассалық өкімдер берілуі мүмкін;

• 195 мың теңгеден немесе 45 АЕК-тен асқан жағдайда – анағұрлым қатаң шаралар қолданылады: мүліктер тізімге алынып, сатылуы мүмкін, өндіріп алу дебиторлар есебінен жүреді.

№152 (4896) 25/12/2025 Бейсенбі



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ЖИЫНЫ

Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтіп, онда бірнеше нормативтік құқықтық акт жобалары таныстырылды. Атап айтқанда, кеңес мүшелері Астана қаласы бойынша 2026 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері, Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында келесі жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы және басқа да мәселелерді талқылады.

Райхан РАХМЕТОВА

«Астана қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 340/42-VI шешімінің күші жойылды деп тану» мәселесі бойынша Астана қаласы қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов баяндама жасады.

– Есіл бассейн инспекциясының деректері бойынша, Астанада жылына жалпы көлемі 43 068, 461 мың текше метр болатын суды қолдануға 14 су пайдаланушыға 24 рұқсатнама берілген. Оның ішінде жасыл көшеттерді суғаруға жылына 6465;68 мың текше метр, өндірістік мақсатта 36,6 млн текше метр су қолданылған. Елордада су Есіл өзенінен, Ақбұлақ және Нұра-Есіл арналарынан алынады. Төлем мөлшерлемелері өзен бассейндері және экономика салалары бойынша төлем мөлшерлемелерінің базалық коэффициенті негізінде есептеледі, – деді баяндамашы.

Екінші мәселе – Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы болды. Үшінші мәселе – Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында 2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы қаулы жобасы жайында қалалық білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыевтің баяндамасына кезек берілді.

– Жоба ҚР Білім туралы заңының 6-бабы 3-тармағы 7.1-тармақшасына сәйкес әзірленді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының құны ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 қарашадағы 597 бұйрығымен бекітілген әдістемеге сүйене отырып есептелді. Есептеу кезінде педагогтар мен басқару персоналының еңбек қорғау, оқу тәрбиесі процесіне жұмсалатын шығыстары, міндетті әлеуметтік аударымдар мен салықтар, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерге берілетін үстемақылар мен қосымша төлемдер, мектепке дейінгі ұйымдардың қауіпсіз әрі сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де шығындар қарастырылған. Бұл тәсіл мектепке дейінгі балалардың нақты шығындарын ескеруге және мектепке дейінгі балалардың сапалы білім мен тәрбие алуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді Қ.Сенғазыев.

Соңғы мәселе – Астана қаласының 2026 жылға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифтерін бекіту туралы қаулы жобасымен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Болат Жұмаділ таныстырды.

ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Астанада «Спорт саласын цифрландыру: мониторинг, талдау, е-порталдар және аудит ұсынымдарын орындау» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шара Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы жүргізген аудиторлық іс-шаралардың қорытындысына арналды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Дөңгелек үстел отырысына Астана қаласы мәслихатының депутаттары, қалалық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшылығы, Жоғары аудиторлық палата, Туризм және спорт министрлігінің салалық комитет өкілдері, сондай-ақ ревизиялық комиссия қызметкерлері қатысты.

Отырыста Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Ақпомбаев елімізде және елордада спортты дамыту ұлт денсаулығы үшін аса маңызды екенін атап өтті. Ол мемлекет 2029 жылға қарай халықтың кемінде 50 пайызын жүйелі түрде спортпен шұғылдануға тарту мақсатына цифрландыруды енгізіп, инфрақұрылымды дамытуға ден қойылып, спортты барлық жас санаттары үшін қолжетімді етуге бағытталған жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

Іс-шара барысында спорт саласындағы цифрландырудың мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудағы, бюджеттік қаражаттың ашықтығын қамтамасыз етудегі және аудит ұсынымдарын орындаудағы маңызы атап өтілді. Соңғы екі жылда 30,5 млрд теңгеден астам бюджет қаражаты аудитпен қамтылып, 17,2 млрд теңге көлемінде қаржылық бұзушылықтар анықталғаны айтылды.

Қатысушылар қаржыландыруды жоспарлау, спортшылар мен жаттықтырушыларды бірыңғай есепке алу, спорт түрлерін басымдық бойынша айқындау, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді енгізу мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, «Дене шынықтыру және спорттың цифрлық платформасы» (e-Sport) ақпараттық жүйесін енгізу арқылы саланы басқарудың заманауи тетіктеріне көшу қажеттігіне назар аударылды.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша спорт саласын одан әрі дамытуда цифрлық басқару құралдарын кеңінен қолдану, анықталған жүйелік кемшіліктердің қайталануына жол бермеу және аудит ұсынымдарын сапалы орындау маңызды екені атап өтілді.

БАТЫР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Астанада «EXPO» халықаралық көрме орталығы аумағында орналасқан AlemAI күмбезінің астында Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына арналған плац-концерт өтті.

Плац – концертке ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің Президенттік оркестрі мен рәсімдік бөлімшесі, Президенттік үрлемелі аспаптар оркестрі, «Абырой» тобы, ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің «Айбын» Президенттік полкі рәсімдік бөлімшесі мен «Сардар», «Көкжал» арнайы мақсаттағы жасақтары қатысты. Қойылым барысында қарумен көрсетілетін әскери элементтер мен дефиле қойылды.

«Бауыржан Момышұлы – біз үшін әскери тәртіптің, батылдық пен кәсіби шеберліктің айқын үлгісі. Ол офицер қандай болуы керек екенін көрсетті» деді ҚР Мемлекеттік күзет қызметі Айбын Президенттік полкі 0112 әскери бөлімінің бірінші басқарма бастығы, подполковник Қайрат Молдабаев.

Бауыржан Момышұлының 115 жылдық мерейтойына арналған «Бауыржан Момышұлы және жаңа архив деректері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда бұрын белгісіз болған құжаттары көрмеге қойылды.



БАЛАЛАР ТАҒДЫРЫН ТОЛҒАЙДЫ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханасында «Мирас-А» қайырымдылық қорының құрылтайшысы, QAZAQ инклюзив театрының бас продюсері әрі негізін қалаушы Жүзбай Серіктің «Өмір – ғайып» атты кітабының таныстырылымы өтті.

Шапағат ӘБДІР

Жаңа кітаптың тұсаукесеріне зиялы қауым және қайырымдылық ұйымдарының өкілдері, театр әртістері, шығармашылық жастар, сондай-ақ автордың жақындары мен оқырмандары қатысты.

Жазушы тастанды балалардың тағдыры арқылы адам жауапкершілігін, ата-аналық парыздың қасиетін, отбасы құндылығының маңызын айқын көрсетеді. Әрі автор үш отбасының тағдырын салыстыра отырып баяндайды.

– Жалпы, бұл кітабымда үш отбасының өмірі суреттеледі. Бірінші отбасы он жыл бойы сәби сүйе алмай, бір баланың іңгәлаған дауысын аңсап өтеді. Екінші отбасы дүниеге келген баласын тағдыр тәлкегіне тастап кетеді. Жоламан есімді бала өмір бойы анасын іздеп өтеді. Оны кезінде вокзалға тастап кеткен жерінен бөгде бір ата мен әже асырап алады. Жылдар өткен соң ана өз баласын тауып, тәубесіне келеді. Ал үшінші отбасы өз бауыр еті – баласын жетімдер үйіне тастап кетеді. Осы үш тағдырды салыстыра отырып, ата-аналарға ой салғым келді. Мұндағы мақсатым – ешбір ата-ана өмірдің қиындықтарынан қорқып, өз баласынан бас тартпаса екен, ата-ана мейірімінен айырылған жетімдер көбеймесе екен деген ізгі ниет, – дейді кітап авторы.

Сонымен қатар Жүзбай Серіктің айтуынша, автор бірнеше жылдан бері тастанды балалар мәселесімен айналысып келеді. Ол осы уақыт ішінде жүзден аса ананы баласын тастап кетуден тоқтатып, сәбилерді жетімдік тағдырдан аман алып қалған.

Кеш барысында мазмұнды мәдени бағдарлама ұйымдастырылды. Ана мен бала тақырыбындағы әсерлі әндер орындалып, жүрекке жетерлік монологтар оқылды. Сондай-ақ кітапта баяндалатын негізгі оқиғалар сахналық көріністер арқылы көрермен назарына ұсынылды.



№152 (4896) 25/12/2025 Бейсенбі

АСТАНА: БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

Сарапшылардың пайымдауынша, елордамыз қала дамуының жаңа кезеңіне қадам басты. Бұл, ең алдымен, халық санының тұрақты өсуі және алдағы он жылға арналған аналитикалық болжамдарды қамтитын бас қаланың Бас жоспарымен тікелей байланысты. Әлбетте, шаһар саясаты әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға және жасыл аймақтарды кеңейтуге басымдық береді.

ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАЙЛЫ ҚАЛА

Соңғы жылдары жаңа урбанистикалық шешімдердің арқасында Астанада ауқымды өзгеріс болды. Осы кезеңде 500-ден астам қоғамдық және аула кеңістігі абаттандырылды, 2,5 миллионнан астам жасыл көшет отырғызылды. Бұрын қаланың өсуі биіктік пен аумақтың кеңеюі арқылы бағаланса, қазір басты назар – тұрғындар өмір сүретін, серуендейтін, демалатын ортаға ауысты. Бұған дейін күн тәртібінде жаңа ғимараттар мен нысандар талқыланса, бүгінде жайлылық, қауіпсіздік және «жасыл желек» қала келбетінің негізгі көрсеткішіне айналды.

Қала әрбір адамға қолайлы бола бастады. Бос жатқан аумақтар мен күтімсіз аулалардың орнына толыққанды қоғамдық кеңістіктер пайда болды. Жаяу жүргіншілерге арналған бағыттары біріктіріліп, қауіпсіз өткелдер қолданысқа берілді, ал ішкі аумақтар жанға жайлы орынға айналды. Қарапайым демалыс үшін тұрғындар енді қала орталығына қарай ағылмайды, өйткені әр ауданда өзіне тән орындар бар.



Оңалхан ӨНЕРХАН

КӨГАЛДАНДЫРУ

Қаланың көгалдандыру бағыты да түбегейлі өзгерді. Соңғы үш жылда жыл сайын миллионнан астам жасыл көшет отырғызылып келеді. Ірі ағаштар саны артты, жабық топырақ, жер астымен суару жүйелері секілді күтімнің заманауи тәсілдері енгізілді.

Астанада алғаш рет тұтастай жасыл дәліздер жүйесі қалыптасты. Оның нәтижесінде аудан микроклиматы өзгеріп, шаң мен шу азайды, көлеңке жерлер көбейді. Бұрын бос жатқан жерлер саябақтар мен бульварларға айналды. Әсіресе, сәндік әрі гүлдейтін бұталарға ерекше көңіл бөлінуде.

Есіл бойындағы «жасыл желек» концепциясы – маңызды урбанистикалық бағыттардың бірі. Өзен бойындағы барлық жағалаулар, саябақтар мен қоғамдық аумақтарды біріктіретін бірыңғай вело-жаяу жол – қала тұрғындарының сүйікті мекені. Сонымен қатар қараусыз аймақ саналатын көпір асты орындарына спорт алаңдары, жаяу жүретін жерлер, архитектуралық жарықтандыру және қысқа маршруттар пайда болды.

ЖАҢА ОРЫНДАР

Маңызды жобалардың қатарына «Ататүрік», «Бейбітшілік және келісім», сондай-ақ Президент саябағындағы жағалауларды ерекше атауға болады. «Бейбітшілік және келісім» саябағы жаңартылған жасыл аймақтан бөлек, жаңа орындар қалыптастыра отырып, қала мәдени кеңістігінің жаңа форматқа көшуіне мысал бола алады.

Бейбітшілік пен келісім саябағында «Өмір ағашы» монументінің күмбезін қоса алғанда, бірегей арт-инсталляциялар орнатылды. Мәмбетов көшесі бірыңғай сәулеттік стильде абаттандырылды, сол сияқты «Тұлпар» сауда үйінің алдындағы сквер жаңартылды. Сонымен қатар магистральді көшелер – Мәңгілік ел, Абай, Нәжімеденов, Түркістан көшелерін абаттандыру жұмысы қатар жүргізіліп жатыр. Біз кедергісіз орта қалыптастыруға көштік: ыңғайлы әрі қауіпсіз тротуарлар мен өткелдер жасалуда. Триатлон паркінің маңындағы жағалауды қайта жаңғырту жалғасуда: серуендеуге арналған жаңа орындар, спорт аймақтары ашылып, ірі ағаштар отырғызылып жатыр.

Сондай-ақ Астанада Жүргенов көшесі абаттандырылды. Мемлекет басшысының Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланғаны белгілі. Осыған орай Сарайшық ауданында жаңа «Жұмысшы мамандықтар аллеясы» салынды. Аллея аумағында балалар ойын алаңы мен жаттығу құрылғылары орнатылып, ағаштар отырғызылды, жергілікті суару жүйесі жүргізілді. Үйдің қасбетіне жұмысшы мамандық иелеріне арналған мурал салынды, тақырыптық инсталляциялар орнатылды және басқа да абаттандыру элементтері жүзеге асырылды. Ал Алматы ауданында жалпы аумағы 25 000 шаршы метрді құрайтын Күйшілер аллеясына ауқымды қайта жаңғырту жүргізілді. Мұнда ойын алаңдары, жаттығу және воркаут аймақтары жасалып, орындықтар орнатылды, кешенді көгалдандыру жүргізілді, заманауи суару жүйесі орнатылып, автотұрақ аумағы кеңейтілді.

> «БІЗ ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ АЛДЫН АЛА ДАМЫТУДЫ КӨЗДЕЙТІН ҚАЛАЛЫҚ ЖҮЙЕ ҚҰРЫП ЖАТЫРМЫЗ. НЕГІЗГІ МАҚСАТ – «АДАМҒА АРНАЛҒАН ҚАЛА» ҚАҒИДАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ. БҰЛ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨМІР САПАСЫН ЖАҚСАРТУҒА, БАРШАҒА ҚОЛЖЕТІМДІ ӘРІ ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.
>
> АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ЖЕҢІС ҚАСЫМБЕК



ЖАҒАЛАУДАҒЫ СЕРУЕН

Астана жағалаулары соңғы жылдары қала өзгерісінің ең озық үлгісін танытты. Бұрын тек сыртқы келбет ретінде қабылданған жағалаулар бүгінде тыныңу, спортпен айналысатын және күнделікті серуендейтін бағытқа айналды.

Негізгі өзгерістердің бірі – өзен жағасына тастар төселіп, суға қарай жайлы еңістер жасалынды. Бұрын Есіл өзеніне жақындау мүмкін емес, тек көзбен көретін едік. Қазір суға жақындап, тасқа отырып, ағынды тамашалауға болады. Спортпен шұғылдануға да немесе көлеңкеде тыныңуға болады. Бұл кеңістікті мүлде жаңа деңгейде пайдалану – өте сәтті шыққан жоба. Бір сөзбен айтқанда, заманауи урбанистика талаптарына толықтай сай келді.

Себебі қала тұрғындары су жағасына тек демалыс күндері емес, қарапайым жұмыс күндері де жиі келеді. Жаңа серуендеу аймағы қауіпсіз, жайлы әрі көркем үйлесім тапты. Ал өзен бұрынғыдай шекара емес, керісінше тұрғындар үшін қала өмірінің табиғи бөлігіне айналды.

GREENLINE БУЛЬВАРЫ

Астана – жас отбасылар көп шоғырланған қала. Сондықтан инклюзивті, қауіпсіз ортаны дамытуға басымдық берілді. Биік пандустар, ыңғайлы жаяу жүргіншілер жолы, кедергісіз маршруттар кеңінен енгізілуде. Бесік арбасын сүйреткен ата-аналар, самокаттағы балалар, егде жастағы адамдар да кез келген жерде өздерін еркін сезінеді.

GreenLine жаңа жаяу жүргіншілер желекжолының жүзеге асырылу барысына келсек, жалпы ұзындығы 3 шақырымнан асатын бұл желекжол Төле би көшесінен Айтматов көшесіне дейін созылады. Жоба екі кезеңге бөлінген. Бірінші кезең – Әнет баба көшесінен Күлтегін көшесіне дейінгі аумақ толық аяқталды. Мұнда ірі ағаштар отырғызылып, тоғандар жүйесі жасалды, сондай-ақ ойын және спорт алаңдары абаттандырылды.

Бастапқыда бұл жерде қарапайым автожол салу жоспарланған еді, алайда концепция қайта қаралып, орнына үлкен саябақ жасау шешімі қабылданды. Greenline жобасында көгалдандырылған серуен алаңдары, ойын аймақтары, заманауи TerraWay



САРАПШЫЛАРДЫҢ БОЛЖАМЫНА СҮЙЕНСЕК, ШАМАМЕН 1,5 МИЛЛИОН АДАМДЫ ҚҰРАЙТЫН АСТАНАДА АЛДАҒЫ ОН ЖЫЛДА ТҰРҒЫНДАР САНЫ 2,3-2,5 МИЛЛИОНҒА ДЕЙІН ӨСІП ІРІ МЕГАПОЛИС ДЕҢГЕЙІНЕ ЖЕТУІ МҮМКІН.

жабындары және жауын суын жинайтын жасанды тоғандар бар. Кеңістік толығымен кедергісіз форматта жасалған. Мұнда автокөліктер жоқ, тек жедел қызмет көліктеріне ғана рұқсат беріледі. Бұйырса, 2026 жылы жобаның екінші кезеңі жоспарланған, ол бойынша «Хан Шатыр», Жағалау және жақын аудандар арасындағы байланыс дамымақ.

жасалған. Бұл көліктің визуалды және функционалды интеграциясына толық көшу кезеңін көрсетеді. Нақты айтқанда, біркелкі түс, минималистік эстетика және ойластырылған графика. Жеңіл рельсті трамвай бүгінде жеке жоба ретінде емес, болашақтағы байланысты, ыңғайлы және тұрақты көлік экожүйесінің негізгі элементі ретінде қарастырылады.





ЖЕҢІЛ РЕЛЬСТІ ТРАМВАЙ

Қоғамдық көлік жүйесі белсенді дамып жатқаны баршаға белгілі. Мәселен, қала тұрғындарының қоғамдық көлікті пайдалану үлесін 41%-дан 71%-ға дейін арттыру көзделген. Осы мақсатта автобус бағыттары мен парктер жаңартылып жатыр. Ал келесі жылы көптен күткен жеңіл рельсті трамвай (ЛРТ) іске қосылады.

Бүгінде Сығанақ көшесінің бойында жеңіл рельсті трамвай желісі бойынша жұмыстар қарқынды жүріп жатыр. Жаңа жарық тіректері орнатылып, тіреу қабырғалары мен техникалық тротуарлар жасалуда, ағаштар мен бұталар отырғызылуда. Осылайша, жеңіл рельсті трамвай трассасының астындағы аймақ тек транзиттік белдеу ретінде ғана емес, абаттандырылған қалалық маршрут ретінде жаңа функцияға ие болады. Қалада тротуарларды кеңейту үшін автотұрақтарды оңтайландыру үрдісі жүріп жатыр.

Қалаға жаңа жеңіл рельсті трамвай вагондары әкелінді. Олар астананың автобустарымен бір стильде

«АСТАНА – БҮГІНДЕ ЗАМАНАУИ, ЖАЙЛЫ, АДАМНЫҢ ӨМІР САПАСЫН АЛДЫҢҒЫ ОРЫНҒА ҚОЯТЫН ҚАЛА ҮЛГІСІ.

ҚАЛА – ДЕТАЛЬДАРДАН ҚҰРАЛАДЫ

Қалалық ортаны жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі – «қала бөлшектерде» тұжырымдамасы. Бұл – ірі жобалардан бастап, күнделікті ұсақ элементтерге назар аударуға көшу деген сөз. Бұрын байқалмайтын ұсақ дүниелер енді қаланың бірегей эстетикасының бөлігіне айналып жатыр.

Астанада қаланың визуалды стиліне сай брендтелген құдық қақпақтары (люк) пайда болды. Олар тек техникалық қызмет атқарып қана қоймай, әр қадам сайын дизайнымен қаланың өзіндік қолтаңбасын көрсетіп тұр. Сол сияқты ағаш түбіне арналған жаңа торлар да бірыңғай стильде жасалып жатыр. Бұрынғы әркелкі шешімдердің орнына ұқыпты, сапалы, көзге бірдей көрінетін үлгілер қолданыла бастады. Көзге көп түспесе де, дәл осы детальдар ортаның ұқыпты ойластырылған және жайлы екенін сезіндіреді. Қаланың деңгейі тек ірі жобалармен емес, күнделікті жайлылықты қалыптастыратын осындай ұсақ бөлшектермен де ерекшеленбек.

КЕШКІ АСТАНА

Көре білген адамға қалада бұрынғы суық, ақ-көк түстер біртіндеп алынып, оның орнына янтарь және алтын түстес жылы реңктер қолданылуда. Бұл атмосфераны жайлы етеді, архитектураны жұмсақ түрде айқындайды және жарықтың ластануын азайтады. Мұндай шешім заманауи жарық дизайн қағидаттарына толық сәйкес келеді.

Атап өткен жөн, соңғы жылдары Астанада 300-ден астам ғимарат жылы түстегі жаңа сәулеттік жарықпен жабдықталды. Осылайша, материалдардың фактурасы айқын көрініп, қасбет қабырғалары кешкі қаланың бірыңғай визуалды бейнесін қалыптастырды.

Ең үлкен өзгеріс Мәңгілік ел, Тәуелсіздік, Республика даңғылдарында байқалады. Жаңадан жарықтандыру тұжырымдамасының нәтижесінде аталмыш көшелер кешкі уақытта заманауи және үйлесімді көріне бастады. Суық «неон» стилінен, адамға жақын, жылы бейнеге ауысты. Заманауи шамдар көшені жарық әрі қауіпсіз етіп қана қоймай, кешкі қаланың келбетін одан әрі сұлуландырып тұр.

ЕСКІ ОРЫНДАР ЕСКЕРІЛЕДІ

Ескі Астананың тарихи бөлігінде алдағы жылдары ғимарат қасбеттеріне кешенді жаңарту жұмыстары басталады. Бұл – жай жөндеу жұмыстары емес, шынайы ревитализация. Ондаған жылдар бойы назардан тыс қалған үйлер жаңа материалдармен қапталып, бірыңғай архитектуралық стильмен жабдықталады. Барлығы да жаңартылған брендбукте көрсетілген талаптарға сай жасалады. Сонымен қатар тротуарлар, көгалдар, жарық, автотұрақтар, кіші архитектуралық формалар да реттеледі. Бұл шешім аудандарды толыққанды әрі жайлы етіп, әр қадамы біртұтас көрінетін кеңістік қалыптастырады.

ӘЛЕМГЕ ТАНЫМАЛ БРЕНД

Елордада жайлылық пен сапа ерекше жағдай емес, қалыпты нормаға айналып келеді. Кедергісіз қоғамдық кеңістіктер, жасыл инфрақұрылым, көлік экожүйесі... Бұл – жеке-жеке жобалар жиынтығы емес, саябақ та, павильон да, жағалау да, көлік жүйесі де болашақ қаланың жалпы келбетіне жұмыс істейтін тұтас стратегия.

Астана – бүгінде заманауи, жайлы, адамның өмір сапасын алдыңғы орынға қоятын қала үлгісі. Көз алдымызда динамикалық орта қалыптастыратын, аймақ үшін жаңа стандарттар белгілей алатын үлкен қалаға айналып келеді.


«АСТАНА – БҮГІНДЕ ЗАМАНАУИ, ЖАЙЛЫ, АДАМНЫҢ ӨМІР САПАСЫН АЛДЫҢҒЫ ОРЫНҒА ҚОЯТЫН ҚАЛА ҮЛГІСІ.



№152 (4896) 25/12/2025 Бейсенбі

АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ КИБЕРГИГИЕНА КЕРЕК

Бас қалада жыл басынан бері 4 мыңнан астам интернет-алаяқтық фактісі тіркелген. Соның ішінде ең көп түрі – азаматтарға телефон соғу арқылы сеніміне кіріп, несие алдыру немесе ақшасын жымқыру әрекеттері. Бұл туралы Астана қаласы Полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция капитаны Айдар Қонысбек кеңінен ақпарат берді.



Райхан РАХМЕТОВА

– Алаяқтардың қоңырау соғу арқылы, яғни өздерін мемлекеттік қызметкер, басқа да коммуналдық мекемелер, банктер қызметкері ретінде таныстыра отырып, адамдарды алдап, несие ресімдету фактілері жиі кездеседі. Екінші, әлеуметтік желілерде жалған интернет-дүкендер ашып, тауарлар сату, «акция болып жатыр» деп төмен баға қойып, алдын ала төлем жасату арқылы алдау. Үшінші, адамның танысының атынан WhatsApp-қа хабарлама жіберіп, қарызға ақша сұрау. Төртінші, фишинг-сайттар, жарнамалар жіберу, хабарлама сайттары бойынша курьер қызметі арқылы алдау. Ол жерде дубликат сайт жасап, әртүрлі акция арқылы анкета толтыртып, деректер қалдыртады. Технологиялар мен әлеуметтік желілердің дамуына байланысты интернет-алаяқтықтың басым бөлігі әлеуметтік желілер, интернет ресурстар арқылы күшейе түсуде, – дейді полиция капитаны.

Әдетте, телефон соғу арқылы жасалатын алаяқтықта егде жастағылар, зейнеткерлер жиі түсіп қалады. Интернет-дүкендер арқылы алаяқтыққа барлық жастағылар түседі, жастар көбіне билет сатып алам деп, Telegram арқылы жеңіл ақша табу жолында алданып қалады.

– Жақында бір оқиға тіркелді, алаяқтар құрбаны болған бір азаматқа 186 млн теңге шығын келтірілген. Оны инвестиция жобасына қатысу, акция сатып алу деген сөзбен сеніміне кіріп, алдап кеткен. Ол әлеуметтік желіде «Қазатомпром» компаниясы акциясын таратып жатыр, тез сатып алсаңыз, ақшаңыз көбейеді» деген видеоны көріп, телефон қалдырған. Оған соққан алаяқтар сарапшы-талдаушылармыз, оның ақшасын екі есе көбейтеміз деп қаржысын криптовалютаға айналдыру арқылы алдаған, – дейді А.Қонысбек.

Астана қалалық Полиция департаментінде биыл Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы құрылып, олар жыл басынан бері интернет-алаяқтық қылмысымен күрес жүргізуде. Астананың әр ауданында басқарманың бөлімшелері де бар. Қызметкерлер үнемі оқып, білімін жетілдіріп отырады. Алматыда киберполигонда оқудан өтеді, бір апталық курстарға жіберіледі. Шетелдердегі мамандардың онлайн түрдегі 2 апталық дәрістеріне қатысады.

Құқық қорғау өкілінің айтуынша, интернет-алаяқтық жасауға арнайы білімнің қажеті жоқ. Сондықтан ұсталған қылмыскерлердің көбі жұмыссыздар болып шығады. Арасында оны қалай жасауға болатынын әр жерден оқып үйреніп алған жасөспірімдер де кездеседі.

– Оның еш қиындығы жоқ. Интернетте хабарландыру салады, болмаса Instagram-да дүкен ашады. Сосын көбіне алдын ала төлем жасатқызады. Кейбір алданған адамдардың өзі сол қылмысқа барады. «Мен өзім алданғанмын, осылай менен 1 млн теңге сұрады, айтқан жеріне салдым. Кейін соны өзім де жасап көрдім, яғни мен де басқаларды алдай бастадым, ақша бірекі рет оңай түскеннен кейін, сонымен айналысуды жалғастырдым» дейді. Ал call-орталықтар ашып алып, ірі алаяқтықпен айналысатын топтарда, әрине, интернет әлемін жетік білетін IT мамандар, білікті бағдарламашылар болады. Сондай бір call-орталық жақында ұсталды, олар шетелдік азаматтар болып шықты. Біздің азаматтардың көбі түскен ақпаратты тексеріп жатпайды, жиі сеніп қалады, асығыс шешім қабылдап, ақшасын жібере салады, сосын барып алданып, сан соғып қалады, қазіргі таңда кибергигиенаны сақтау өте қажет, – дейді капитан.

Полиция қызметкерлері белгісіз адамдардан, мейлі ол мемлекеттік мекеме өкілдерінен болсын, түскен ақпаратты тексеру керек екенін ескертеді. Дереу сол органдардың call-орталықтарына хабарласып, ақпаратты тексеру керек. Күмәнді сілтемелер келсе, дауыс бер десе де өтпеу, ашпау қажет. Сонымен қатар сала мамандары ЖИ-дің дамуына байланысты алдағы уақытта интернет-алаяқтықтың басқа да түрлері пайда болуы мүмкін екенін жоққа шығармайды.



ҮЗДІК ЖЕДЕЛ УӘКІЛ АНЫҚТАЛДЫ

Астана қаласы Полиция департаментінің Криминалдық полиция басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Нұржан Бердібек «Үздік жедел уәкіл» атағына ие болды.

Ол ішкі істер органдарындағы қызметін 2016 жылы жедел уәкіл лауазымынан бастаған. 2025 жылдың қорытындысы бойынша жоғары кәсібилігі, қылмыстарды ашудағы нәтижелігі және тиімді жедел қызметі үшін осындай марапатқа ие болды. Жыл бойы қызметтік міндеттерін атқару барысында аға жедел уәкіл ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашуда тұрақты тиімділік көрсетіп, жедел-іздестіру іс-шараларына белсенді қатысып, сондай-ақ халықпен сауатты іс-қимыл орната білген.

«Жеңіс – бір реттік жетістіктің емес, тәжірибе, тәртіп пен қағидатқа негізделген жүйелі әрі жауапты еңбектің нәтижесі. Үздік болу – марапат емес, күнделікті жауапкершілік. Ең бастысы – тоқтап қалмай, дамып, жас қызметкерлерге өз тәжірибеңді жеткізе білу» дейді аға жедел уәкіл.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТҮСІНДІРІЛДІ

Астана қаласы Сарыарқа ауданы прокуратурасы «Elorda Trans» ЖШС автобус паркінің еңбек ұжымымен құқық бұзушылықтардың алдын алу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қызметкерлердің құқықтық сана-сезімін арттыруға бағытталған кездесу өткізді.

Іс-шараға Еңбек инспекциясы департаментінің, Әкімшілік полиция басқармасының және Көлік басқармасының өкілдері қатысты. Кездесу барысында әрбір уәкілетті мемлекеттік орган өз құзыреті шеңберінде баяндама жасады.

Автобус жүргізушілері тарапынан заңнама талаптарын сақтау мәселелеріне, оның ішінде көлік құралын басқару кезінде ұялы телефонды пайдалануға жол бермеуге ерекше назар аударылды. Сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, жұмыс және демалыс режимін сақтау, еңбек және көлік тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік мәселелері талқыланды.

Автобус паркі қызметкерлері талқылауға белсенді қатысып, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды, оларға мемлекеттік органдардың өкілдері тарапынан жан-жақты түсіндірмелер берілді. Осындай кездесулерді өткізу құқықтық мәдениет деңгейін арттыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қоғамдық көлік жолаушылары мен қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.



ЗАҢДЫ БІЛУ – ӨЗІҢДІ ҚОРҒАУ

Елордалық кәсіптік-техникалық колледж студенттеріне вандализм әрекеттеріне баруға жол бермеу және қоғамдық тәртіпті бұзудың алдын алу тақырыбында профилактикалық дәріс өтті.

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбындағы профилактикалық дәрісті Астана қаласы прокурорының аға көмекшісі Жасұлан Сарпеков жүргізді. Іс-шараның мақсаты – жастардың құқықтық сауатын арттыру және заңға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру.

– Біз нашақорлықтың алдын алу, интернет-алаяқтық және буллинг сияқты өзекті мәселелер туралы айтуды көздедік. Әсіресе кәмелетке толмағандар арасында жиі кездесетін буллинг мәселесіне ерекше назар аударылды. Студенттерге буллингтің қандай түрлері болатыны, мұндай жағдайларды жасырып қалудың қандай қауіптері бар екені және егер олар психологиялық немесе физикалық қысымның құрбаны болса, қандай әрекеттер жасау қажет екені түсіндірілді, – дейді ол.

Прокурор сонымен қатар кәмелетке толмағандардың құқығы мен міндеттері туралы жан-жақты айтып өтті.

– Жастармен мұндай тақырыптарды ашық әрі шынайы талқылау өте маңызды. Жасөспірімдер қызығушылық пен құқық бұзушылықтың аражігін түсініп, қылмыс жасаудың қандай нақты салдары болатынын білуі тиіс. Заңды білу – ең алдымен, өзіңді қорғау, – деп атап өтті Жасұлан Сарпеков.

Сондай-ақ студенттерге буллингтің алдын алу, интернет-алаяқтық және есірткі құралдарының зияны туралы видеоматериалдар көрсетілді. Бұл заңсыз әрекеттердің ықтимал қауіптері мен салдарын қарапайым түрде түсіндіруге мүмкіндік берді. Жастар спикерге өмірде кездесетін күрделі жағдайларда қалай дұрыс әрекет ету керектігі, қайда жүгінуге болатыны, прокуратураның жастар арасындағы қылмыстың алдын алу бағытында қандай шаралар қабылдайтыны және өз құқығын қалай қорғауға болатыны туралы сұрақтар қойды. Айта кетейік, елордада колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерімен осындай дәрістер мен түсіндіру жұмысы жүйелі түрде жалғасып келеді.

БІР БЕЛГІ – БІР КЕЛІ ЕСІРТКІ

Профилактикалық іс-шара барысында Күйгенжар бекетінде полиция қызметкерлері «Тойота» маркалы автокөлікті тоқтатты. Көлік құралын тексеру кезінде инспектор-кинолог, лақап атты «Бакс» қызметтік ит 55 жастағы жолаушыға белгі берді. Нәтижесінде ер адамның кеуде тұсынан бекітілген пакет табылды.

Сараптама қорытындысына сәйкес, тәркіленген зат салмағы 1 келіден асатын каннабис шайыры болып шықты. Аталған факті бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде. Жыл басынан бері елордада қызметтік иттердің көмегімен шамамен 40 есірткі құқық бұзушылығы анықталған. Айта кетейік, есірткі заттарын заңсыз сақтау және тарату қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. Полиция қызметкерлері азаматтарды заң талаптарын қатаң сақтауға және күмәнді жағдайлар туындаған кезде «102» нөмірі арқылы дереу хабарлауға шақырады.







«NAMYS» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Бейбітшілік және келісім сарайында Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы жылдың үздіктерін марапаттады. Салтанатты іс-шарада 2025 жылғы спорт саласындағы негізгі бағыттарды қамтитын 14 номинация бойынша «Namys» спорт сыйлығы табысталды.

Іс-шараның құрметті қонақтары ретінде Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетінің бас хатшысы Әлімжан Ақаев, ҚР Туризм және спорт министрінің орынбасары Серік Жарасбаев, Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірхан қатысты.

– Елордада тұрақты түрде спортпен айналысатын тұрғындардың үлесі 42 пайызды құрайды. Осыған байланысты спорт саласына жүйелі қолдау көрсетіліп келеді. Тек биылдың өзінде жеке демеушілердің есебінен Sana Sport, QazSwimAcademy, Kodokan Spirit, Alpha Gym, Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешені және Ozen Fitness спорт академиясы пайдалануға берілді. Бұқаралық спортты дамыту мақсатында Aulafit, Funny Sport жобалары жүзеге асырылуда. Ал кәсіби спортта елордалық спортшылар 1400-ден астам жарысқа қатысып, 5 мыңға жуық медаль жеңіп алды. Сонымен қатар спортшыларымыз 2026 жылы Милан қаласында өтетін қысқы Олимпиада ойындарының лицензиясын жеңіп алып, қарқынды дайындалып жатыр. Сондай-ақ ұлттық спорт бағытына мән беріліп, 2026 жылы жаңа спорт мектебін ашу жоспарланған, – деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірхан.



Сыйлық табыстау рәсімінде елорданың үздік спортшылары әртүрлі номинация бойынша жеңімпаз атанды. Айталық, Ливерпуль (Англия) төрінде қарсылас шақ келтірмей, ел тарихында 18 жылдан кейін екі дүркін әлем чемпионы атанған отандасымыз Санжар Тәшкенбай «Жылдың үздік спортшысы» атанса, биыл жасөспірімдер арасында тұңғыш әлем чемпионын және топтық жаттығудан Азия чемпионын даярлаған Меруерт Балғынбаева «Жылдың үздік жаттықтырушысы» деген атқа лайық деп табылды. Сондай-ақ жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған Болгариядағы әлем чемпионатында алтын медальді жеңіп алған Ақмарал Ерекешева «Жыл серпіні» номинациясын, ал Біріккен Араб Әмірлігінде өткен жасөспірімдер арасындағы V Азия Параойындарында жүзуден сынға түсіп, 1 алтын, 3 күміс медальді мойнына таққан Әли Тұрғанбеков «Жыл серпіні» (параспортшы) номинациясын иеленді. Пара нысана көздеуден Біріккен Араб Әмірлігінде өткен әлем кубогында қола медальді еншілеген Никита Ермаков «Үздік параспортшы», пара нысана көздеуден Астана қаласының дамуына үлес қосып жүрген Михаил Бурчалин «Паралимпиадалық спорттың үздік жаттықтырушысы» атанса, биылғы тоғызқұмалақтан Азия чемпионы мен әлем кубогының жеңімпаздарын дайындаған Нұржан Қонарбаев «Ұлттық спорт түрлерінен үздік жаттықтырушы» атанды. Ал қазақ күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 2025 жылы әскери қызметшілер арасындағы әлем чемпионы, әлем кубогының жеңімпазы Сағындық Әшім ұлттық спорт түрлерінен «Үздік спортшы» атағын иеленсе, «Жылдың үздік командасы» деген атқа Астана қаласының №10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебінің хоккей командасы лайық деп табылды. Су спорты түрлерінен Қазақстандағы бірінші спорт академиясы Ozen Fitness «Үздік спорт нысаны» атанса, «Үздік қалалық спорт федерациясын» гимнастика түрлері бойынша Астана қаласының федерациясы жеңіп алды. Сонымен қатар «Жылдың үздік спорттық ұйымы» Астана қаласы әкімдігінің Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған «Елорда» спорт клубы болса, Qazsport теларнасы «Үздік спорттық телеарна» атағына ие болды. Ал «Elorda Aqparat» холдингіне қарасты Elordainfo.kz ақпараттық порталы «Үздік спорттық портал» номинациясын жеңіп алып, әріптестеріміздің қуанышын еселеді. Аталған портал елордалық және республикалық деңгейдегі жарыстарды, спортшылардың жарқын жеңістерін, маңызды турнирлер мен чемпионаттар туралы ақпаратты тұрақты түрде жариялап келеді.

Жеңімпаздардың бәріне алғыс хаттар мен арнайы естелік сыйлықтар берілді. Сондай-ақ елімізге танымал Мархаба Сәби, Дастан Оразбеков, «Abyroi» тобы сынды эстрада жұлдыздары өнер көрсетіп, мерекелік көңіл күй сыйлады.

СЕКЕННІҢ «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ»

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы қазақ оркестрінің ұйытқы болуымен елордада көрнекті күйші, композитор, Қазақстанның халық әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Секен Тұрысбектің «Көңіл толқыны» атты шығармашылық кеші өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Ұлы дала» күйімен ашылған концертте Секен Кәрімұлының ұстаздарының бірі, қазақ оркестрінің көркемдік жетекшісі – бас дирижері, Қазақстанның халық әртісі Айтқали Жайымов пен Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекеновтің дирижерлігімен кеш иесінің күйлері мен әндері кезекпен-кезек күмбірлеп, әуеледі. Майталман музыканттың әр шығармасының өзіндік шығу тарихы бар. Секен Тұрысбек соны тарқата отырып, арасында өлеңдетіп жіберіп, рухты көтеретін жалынды туындыларымен қатар, жүректі тербейтін лирикалық шығармаларын ұсынды.

2001 жылдың мамырында елордаға Күлтегін ескерткішінің көшірмесі әкелініп, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне орнатылды. Бұл оқиға күйшіні толқытып, «Күлтегін» күйінің тууына себеп болды. Осындай биік туындылардың қатарына «Батыр Баян» көркем фильмін әрлендірген «Дарабоз» күйін қоса аламыз. Осы күй Секен Тұрысбектің ұлы ұстаздарының бірі – майталман музыкант Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет» поэмасымен рухтас, сабақтас десек, әсте қателеспеспіз. Күйші Нұрғиса Атабайұлының ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен биылғы ғасырлық мерейтойына да атсалысып, елімізде және шетелдерде концерттерді өткізді.

Күйшінің ұстаздары туралы айтқанда, Мәлгаждар Әубәкіровтің есімін аттап кетуге болмайды. Секеннің оған арналған «Мәлгаждар» атты күйі де бар. Бұл – ұстазға деген сағыныштан туған туынды. Сондай-ақ күйші күні кеше ғана дүниеден озған қазақ руханиятының бәйтерегі Асанәлі Әшімовті, қазақ өнеріне сүбелі үлес қосқан дирижер Фуат Мансұровты, Нұрғиса Тілендиевті еске алып, «Өкініш» атты күйін өмірден өткен көрнекті тұлғаларға арнады. Секен Кәрімұлы кітапты көп оқиды. Көркем шығармалардың әсерімен туған туындылары да жоқ емес. Мәселен, Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романындағы Найман ананың желмаяға мініп, кетіп бара жатқан көрініс «Аруана» күйін тудырды. Әйгілі жазушының бұл күйді естіп, бір жағынан таңданыс, екінші жағынан авторына ризашылық білдіргені де бар.

Секен Тұрысбекті кезінде шертпе күй шебері Әбікен Хасеновтің «Қоңыр» атты күйі «ауыртты». Бертінде соның әсерімен «Секеннің қоңыры» атты күйді жазды. Бұл туынды көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбайды тебірентіп, күймен аттас өлең дүниеге келді. Өлең:

...Түсіме енді тағы да,
ата-баба қорымы,
тақ асырып мінбедім тобылғы түс торыны.
Қоңыр түсті өмірді,
қоңырайтып көңілді –
шырт ұйқыдан оятты,
Секен достың Қоңыры...

– деп түйінделеді. Осы күйді бұрын бейнежазбада тыңдасақ, күйшінің жанында отырып тыңдағанның әсері бөлек болады екен. Мұны кеште айқын сезіндік.

Күйші-композитордың әндеріне келсек, биыл ұлы Абайдың 180 жылдығына ол бірнеше концерт арнады. Хакімнің «Мыңмен жалғыз алыстым» өлеңіне ән де жазды. Бұл туындыны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайыржан Бердібай шырқады. Композитор бірнеше әнінің сөзін өзі жазса, Несіпбек Айтұлы, т. б. көрнекті ақындармен шығармашылық бірлестікте әндерді тудырды. Кеште осындай «Қоңыр қаз» әнін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира Сарина, «Асыл анам» және «Қоңыр жел» әндерін «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Бибігүл Қилымхан әуелетті. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Рысқали өнер көрсетті. Бақыт Беделханның өлеңіне жазылған «Жанымнан тәтті өмір» әнін Секен Тұрысбектің өзі орындады. «Жазғы қар» күйін Жігер Бертісов күмбірлетті.

Секен Тұрысбектің елге ең кең таралған, халық сүйіп тыңдайтын туындылары – «Ақ жауын» мен осы кешке атау берген «Көңіл толқыны» күйлері. «Ақ жауын» ерекше өңдеуінде, оркестр, домбыра, сымқобыз және рояльдің үнімен ұсынылды. Ал «Көңіл толқынымен» кеш шымылдығы жабылды.



№152 (4896) 25/12/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
29 ЖЕЛТОҚСАН

QAZAQSTAN

5:30 Әнұран
5:35 «Жақсылықпен кел, Жаңа жыл!»
6:30 «Жаңа қоныс». Телехикая.
7:00 «TAŃSHOLPAN».
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ». Телехикая.
10:10 «Бір сен үшін». Телехикая.
12:15 «Қызық екен...»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
14:00 «Берекелі жыл болсын!»
14:30 Дисней ұсынады: «Рапунцель».
16:00 «Күйеу бала». Телехикая.
17:00 АҚПАРАТ
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
18:00 «БІР СЕН ҮШІН». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ». Телехикая.
22:20 «АШЫҚ АЛАҢ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
23:10 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0:10 «Күйеу бала». Телехикая.
1:00 «Қазір айтайық». Әлеуметтік ток-шоу.
1:45 АҚПАРАТ
2:15 «Ашық алаң». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
3:00 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
3:50 «Берекелі жыл болсын!».

05:00 Концерт «Жолдар, жолдар» Жұбаныш Жексенұлының шығармашылық кеші
07:00 «Оян!»
09:00 Мультфильм «Команда котиков»
10:30 Телесериал «Моя прекрасная жизнь»
12:30 Боевик. «Қызымның қорғаушысы»
14:30 Телехикая «Келінжан 6»
16:15 Комедия «Тариф «Новогодний»
18:00 Новости
18:30 Жаңалықтар
19:00 «Cover show»
20:00 Телехикая «Ғашықтың тілі»
21:45 Комедия «Ёлки»
23:30 Концерт «Махаббат әлемі»

ASTANA TV

06.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
07.00 «Ана бақыты» телехикаясы
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.30 «Қорғансыздар» телехикаясы
